



БҰЙРЫҚ

2022 жыл «25» қаңтар
Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 22 - н/к
город Павлодар

«Павлодар қ.№11 сәбилер бақшасы» КМҚК өзін-өзі бағалауды өткізу туралы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы 5-бабының 9) тармақшасына, 59-бабының 4) тармақшасы негізінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 02 ақпандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» №124-бұйрығына және 2021 жылғы 10 қыркүйектегі Білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі №700 әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, 2021 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Павлодар облысының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ №1-03/218 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылғы 25 қаңтарда «Павлодар қ.№11 сәбилер бақшасы» КМҚК өзін-өзі бағалауы» тақырыбы бойынша жоспардан тыс педагогикалық кеңес өткізілсін.

2. 2022 жылғы 26 қаңтар мен 25 ақпан аралығында Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауы өткізілсін.

3. Мектепке дейінгі білім беру ұйымның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі комиссия құрамы бекітілсін:

Комиссия төрағасы: С.Е. Аленова – сәбилер бақшасының басшысы;

Комиссия мүшелері: Н.Н. Шилова – әдіскер;

Д.Т. Адамова – логопед;

Н.В. Веселова – медбике,

В.А. Александрова – бухгалтер;

4. Комиссия хатшысы Т.К. Калиева болып тағайындалсын.

5. Комиссия білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне және білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес білім беру ұйымның өзін-өзі бағалауын жүргізісін.

6. Комиссия мүшелері білім беру ұйымның өзін-өзі бағалауы бойынша мына есептерді дайындасын:

Н.Н. Шилова – оқыту және оқу, МЖМБС орындау, тәрбиеленушілердің жетістіктерін бақылау, пәндік-кеңістік дамытушы ортаны құру;

Д.Т. Адамова – педагогикалық кадрлардың сапалы құрамы және жетістіктерінің мониторингі, мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беруді ұйымдастыру және ООР бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, ата-аналардың сауалнамасын талдау;

Н.В. Веселова – мектепке дейінгі ұйымда сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, сабаққа қатысу мен сырқаттанушылықты талдау, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

В.А. Александрова – материалдық-техникалық база, негізгі құралдарды сатып алу.

7. Комиссия білім беру ұйымның өзін-өзі бағалауы бойынша 2022 жылғы 25 ақпанда қорытынды жасасын.

8. 2022 жылғы 25 ақпанда білім беру ұйымның өзін-өзі бағалауы бойынша педагогикалық кеңес өткізілсін.






9. Білім беру ұйымның өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша құжаттарды дайындау үшін жауапкершілік әдіскер Н.Н. Шилова, логопед Д.Т. Адамова және хатшы Т.К. Калиеваға жүктелсін.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.



С. Аленова

Бұйрықпен таныстырылды:

 Н.Н. Шилова
 Д.Т. Адамова
 Н.В. Веселова
 В.А. Александрова
 Т.К. Калиева

25.01.2022 г.